

# «Жылылық ізде жырымнан!»

**Ертіс-Баян өңірі қашан да тума таланттарға кенде болған емес. Соның бірі - кестелі жырларымен көпшілікке танылып, оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп жүрген ақын, аудармашы, облыстық «Найзатас» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналының жауапты хатшысы Айбек Оралхан. Айбек Тілеубекұлы жуырда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада «Жылылық ізде жырымнан» атты шығармашылық кездесу өткізді.**



**Алпысбай ХОНЖ**

Шараға зиялы қауым өкілдері мен поэзия әлеміне қанат қағуға талпынып жүрген жастар қатысты.

Кеш барысында ақын өзінің шығармашылыққа қалай келгендігін айтып, өмірінде болған түрлі қызықты оқиғаларды баяндап берді.

- Ақындық ананың сүтімен, әкенің қанымен берілетін ұлы өнер ғой. Атам Оралхан жанынан өлең шығарып айтатын, топтың алдында шешіліп сөз сөйлей алатын адам болды. Мектепте әдебиет сабағын ерекше ықыласпен оқыдым. Батырлар жыры, би-шешендердің айтқан қанатты ой өрімдерін лезде жаттап алып, үлкендерге жатқа айтып беретінмін. Мектептегі ұстаздарым Сәлима Қырықбаева, Бақжамал Дүзбенбекова және Қанипа Бітібаевалар мені шығармашылыққа баулады. Сондай-ақ, Серік Ғабдоллаұлынан дәріс

алып, «Шабыт» ақындар мектебінде оқыдым. Осының бәрі мені асқақ армандарға жетелеп, биік белестерді бағындыруға үнемі үндейді, - деді А.Оралхан.

Әдеби шараға Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар облыстық филиалының директоры, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Арман Қани, Павлодар қаласының Құрметті азаматы Шолпан Байғалы, «Ертіс Медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары, журналист Жұмабек Сманов және тағы басқа белгілі азаматтар қатысты.

Ақын Арман Қани Айбектің шұрайлы тілі мен өзіндік сөз қолданысына тоқтала келе, оның жазба поэзия мен суырып салма ақындық өнерді қатар алып жүргендігіне тоқталып өтті.

Кеш барысында айтыскер ақын, термеші Қуанышбек Шарманов Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» термесін орындап, көрерменнің ілтипатына бөленді. Еркін форматта өткен әдеби-

сазды кеште Айбек Тілеубекұлы өзінің облыстық, республикалық мүшәйраларда олжа салған өлеңдерімен қоса соңғы жылдарда жазған жыр туындыларын оқып берді.

Айбек Оралхан - өңірде кенжелеп қалған аудармашылық өнердің тасын өрге домалатуға күш салып жүрген азамат. Оның республикалық және шетелдік қаламгерлердің туындыларын сәтті аударып жүргендігін екінің бірі біле бермейді. Ол қазақстандық ақын Константин Луининнің қазақтардың болмысын айқындайтын айшықты жырларын ана тілімізге тәржімалады. Алдағы уақытта ақын шығармаларын жеке жинақ ретінде басып шығаратынын айтып өтті.

Шараны ұйымдастырушы облыстық «Жас Отан» жастар қанатының басшысы Санира Жүсіпова 2019 жылы ақындар арасында тағы осындай 5 кездесу өткізу жоспарланғандығын атап өтті. Әдеби кездесулердің барлығы «Қазақстан жазушылары» атты жоба аясында ұйымдастырылатын болады.